



КӨШПЕЛІ РЕДАКЦИЯ — ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕДЕ

Облыс баспасөзінің қара шаңырағы — «Ақтөбе» газетінің 100 жылдығы мен жазылу науқанына байланысты редакция өкілдері Шалқар ауданындағы еңбек ұжымдарымен кездесіп, оқырманмен ой бөлісті.

Қай жерде де еңбек адамдары — қарапайым жұмысшылардың қадірлі екені белгілі. Аудан бойынша баспасөзге жазылу жағынан белсенді «Қамқор Локомотив» ЖШС-на қарасты Ақтөбе локомотив жөндеу депосы филиалы «Шалқар сервис» орталығының қызметкерлерімен бірінші боп кезде-

зетке жазылғалы отыр», — деген №2 мектеп-гимназияның директоры Айгүл Шалабаеваға облыстық білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтаннұң Құрмет грамотасы, «Ақтөбе Медиа» серіктестігі басшысы атынан Алғыс хат тапсырылды.

Жыл өткен сайын денсаулық сақта-



скеніміз сондықтан. Шойын жолдың бойында еңбек ететіндер, әсіресе қазақ газеттерін жақсы оқитынын, сол арқылы қоғамдық өмірден хабардар екенін кездесуде көрсетті. Газетке жарияланған мақалалар, тұрақты айдарлар туралы әңгімеледі. Аталған мекеменің директоры Еркебулан Жақсылықовқа «Ақтөбе Медиа» ЖШС директоры Рауен Отыншиннің Алғыс хаты тапсырылып, арадағы әріптестіктің нығая беруіне тілектестік білдірілді. Сол сияқты мұндай кездесу Нұрболат Төпеш басқаратын №3 Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясында да өтіп, тұрақты оқырмандарға көрсетілді.

— Өзіміз сүйіп оқитын газеттің журналистерімен танысып, өзара пікір алысу — біз үшін есте қалатындай оқиға. Басылымның тарихы, оның баспаға қалай дайындалатынын, жалпы тынысын біліп, біраз мағлұматқа қанық болдық. Осындай жылы жүздеулер бола берсін! «Ақтөбенің» 100 жылдығы құтты болсын! — деді Нұрболат Төпеш.

Шалқар қаласындағы №2 мектеп-гимназияның мәжіліс залында ұйымдастырылған кездесу де жылы рәуіште өтті. Байырғы білім мекемесінде қазіргі таңда 68 мұғалім, 700 оқушы бар. «Ақтөбе» газетінен облыстағы барлық жаңалықты оқимыз, өзіміздің саламыз бойынша да біраз мәліметті білеміз. Ғасыр жылнамасына айналған басылымның біз үшін орны бөлек. Алдағы жылға — 100 қызметкеріміз га-

у саласына қолдау қай жағынан да күшейіп келеді. Айталық, Шалқарда аудандық аурухананы есептемегенде, орталық емхана, 7 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік пункт, 19 медициналық пункт қызмет көрсетеді. Жақында балаларға арналған оңалту орталығы пайдалануға берілмек. Тиісінше медицина саласын таңдап, ақ халатты абзал жандардың қатарын толықтырып жатқандар көп. Олардың біраз бөлігі өлкедегі ауруханада еңбек етеді. Сондағы еңбек ұжымымен кездескен қос облыстық газеттің журналистері материалдық-техникалық базамен танысып, дәрігерлермен баспасөз жөнінде сұхбат құрды. Артынша Шалқар аудандық ауруханасының бас дәрігері Есенғали Көпеновке баспасөзге жазылу науқанындағы белсенділігі үшін редакция атынан Алғыс хат табыстады.

Мұндай кездесу Қауылжыр ауылындағы Мәдениет үйінде де жалғасын тапты. Редакция өкілдерінен бөлек, Шалқар аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Еркін Төреғалиев қатысқан басқосуда ізгі тілектер ақтарылып, газет пен оқырман арасындағы байланысты нығайту жолдары айтылды.

Кездесулерде «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттері, «Үш таған» журналы таратылды.

**Бетті дайындаған
Айбек ТАСҚАЛИЕВ.
Ақтөбе-Шалқар-Ақтөбе.**

«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ

АӨФ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес экологиялық құжаттама материалдары (РЕШН, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ) бойынша ашық экиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сондай-ақ, Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылу мүмкіндігі бар.

Бастамашы: «QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ, БСН 070241005164, 030020, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 22, т. +77029454546, +7(7132)704083.

Әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, БСН 070540000971. Фактический адрес: РК, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы 74 В; Тел.: 8 (7132) 90-55-66.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен esportal.kz сайтынан және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтынан танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты мына телефондар бойынша сұратуға болады: тел.: 8-700 687-27-24, e-mail: duiysov_tm@aimaq.kz

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ expert_oos@mail.ru. эл. мекенжайы бойынша қабылданады.

Наименование объекта	Наименование проекта	Место проведения	Дата и время проведения	Ссылка на платформу Zoom
Шалқар ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Шалқар ауданы әкімдігінің ғимараты, Шалқар қ, Әйтеке би, 47А	8.01.2025 ж. 14.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=75919131722 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Қарғалы ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Қарғалы ауданы әкімдігінің ғимараты Бадамша ауылы, Әбілқайыр хан, 38	9.01.2025 ж. 11.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=77962903827 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Хромтау ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Хромтау ауданы әкімдігінің ғимараты, Хромтау қ, Республика к. 784,	9.01.2025 ж. 15.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=78214240189 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Темір ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Темір ауданы әкімдігінің ғимараты, Шұбарқұдық, Желтоқсан к., 8	10.01.2025 ж. 11.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=73451624472 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Байғанин ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Байғанин ауданы әкімдігінің ғимараты, Қарауылкелді, Д.Қонаев к. №35А	10.01.2025 ж. 15.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=74860357830 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Ырғыз ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Ырғыз ауданы әкімдігінің ғимараты, Ырғыз, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы к.96	13.01.2025 ж. 14.30	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=72983011729 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Мәртөк ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Мәртөк ауданы әкімдігінің ғимараты, Мәртөк, С.Сейфуллин к., 36	15.01.2025 ж. 10.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=79855074496 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Қобда ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Қобда ауданы әкімдігінің ғимараты, Қобда, Астана к., 48	15.01.2025 ж. 15.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=71182142233 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Мұғалжар ауданы	Мұғалжар ауданы, Алтынды а. АГРС-Алтынды шығарындылар нормативтерінің жобасы, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Қайыңды ауылдық әкімдігінің ғимараты Қайыңды, Бейбітшілік к.,37	16.01.2025 ж. 14.30	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=77157191311 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Алға ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ Алға қаласы, АГРС-Алға шығарындылар нормативтерінің жобасы, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Алға ауданы әкімдігінің ғимараты Алға қ., 5-шағын аудан, 4	17.01.2025 ж. 10.00	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=73024096673 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Мұғалжар ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ Қандыағаш қаласы АГРС-Қандыағаш шығарындылар нормативтерінің жобасы, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Мұғалжар ауданы әкімдігінің ғимараты, Қандыағаш қ., Тәуелсіздік даңғылы, 16	17.01.2025 ж. 15.00-де	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=7229368452 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Ойыл ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ Ойыл а. АГРС-Уил, шығарындылар нормативтерінің жобасы, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты, Ойыл с, Құрманғазин, 43	20.01.2025 ж. 14.30-де	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=76089809156 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Әйтеке би ауданы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ Т.Жүргенова а. АГРС-Комсомол шығарындылар нормативтерінің жобасы, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Әйтеке би ауданы әкімдігінің ғимараты, Т.Жүргенов а., Т.Жүргенов к. 62	21.01.2025 ж. 14.30-де	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=75166888377 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe
Ақтөбе қаласы	«QAZAQGAZAIMAQ» АҚ АӨФ; үшін шығарындылар нормативтерінің жобаларын түзету, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ Ақтөбе қ, АГРС-300 шығарындылар нормативтерінің жобасы, ҚББ, ЗББ, ТҚІЖ	Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы. 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 22, АӨФ АҚ «QAZAQGAZAIMAQ» ғимараты	14.01.2025 ж. 14.30-де	https://us04web.zoom.us/j/4639264321?pwd=MembcXdx3JS3XKuZDZDpV527gd1od.1&omn=77926798599 Конференция идентификаторы: 463 926 4321 Ену коды: 9QuzUe